

«Астана медицина университеті» АҚ
«Жалпы фармакология кафедрасы»

СӨЖ

Тақырыбы: Жүктіліктің алдын алу мақсатында қолданылатын гормональды дәрілік заттардың әсер еті принциптері.

Дайындаған: Серик Н.С.

Топ: 304 ЖМ

Тексерген: Тасбалтаева А.М.

Астана 2017

Жоспар


- I. Кіріспе.
- II. Негізгі бөлім
 - Гормональды контрацептивтер
 - КОК – комбинирленген оральды (ауыз арқылы) контрацептивтер.
 - Дәрілік заттардың әсер ету механизмдерінің түрлері
 - Дәрілік заттардың жанама әсері
- III. Қорытынды

Кіріспе.

Гормондық контрацепцияларды ойлап тапқан уақыттан бері күтпеген жүктілікті болдырмайтын ерекше бір жаңалық болып есептелді деуге болады. Өткен ғасырдың ортасында жүктілік кезінде фолликуланың өсуі мен жетілуі тоқтайтындығы анықталды және осы уақыт жүктілікті болдырмайтын уақыт екендігі белгілі болды. Көптеген ғалымдар бір-біріне тәуелді емес ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Соның негізінде әйелдердің жыныс мүшелерінен бөлінетін контрацептикалық әсері бар эстроген мен прогестерон - гормондарын анықтады. Осы ғылыми жаңалықтардан кейін ғалымдар арасында контрацептикалық гармондық препараттарды зерттеулер кеңінен жүргізіле басталды.

Ұрықтануға қарсы таблеткалар

- Ұрықтануға қарсы таблеткалар- аналық клетканың жетілуін тежейді және жатырдың ішкі қатпарларын өзгертіп ұрықтанбайды. Заманауи препараттар денсаулыққа зиянсыз болып, олардың құрамындағы гормондар- аз болады.
- Олар жатырдан тыс жүктілікті, жатыр және сүт бездері обырының туындау мүмкіндігін төмендетеді, етеккір циклын реттейді. Кейбір ұрықтануға қарсы таблеткалар акне (беттегі безеулер мен май бездерін) емдейді. Ұрықтануға қарсы таблеткалар практикада 100% тиімділікпен жүктіліктен сақтанудың ең сенімді әдісі болып табылады, сондықтан контрацепция әдістері арасында дүниежүзінде жетекші орын алады. Олар біріші, екінші, үшінші кезеңдік таблеткалар түрінде айырықшаланады.
- («Логест» , «Мерсилон», «Новинет», «Линдинет», «Регулон», «Ярина», «Джес», «Белара», « Ригевидон», «Трирегол», «Три-мерси», «Триквилар», «Тризистон» және тағы басқалар).
- Қынаптық жүзік (НоваРинг)- ол гормондарды қынапқа енгізу жолымен пайдаланылатын контрацепцияның жаңа әдісі. Таблетка ұстанымы бойынша әрекет етеді, бірақ осыған орай таблетканы ішпей –ақ АІТ және бауыр арқылы гормондар өтпейді.



Гормональды контрацептивтер тиімділігімен қоса денсаулыққа да аса көп зиян келтірмейді. Бұл овуляцияны (ұрықтың пісіп-жетілуін) тежеп, аналық ұрықтың аталық ұрықпен кездесуіне кедергі келтіріп қана қоймай, ұрықтанған жұмыртқаның жатырға бекімеуіне тосқауыл қояды. Егер бұл тәсілді жете меңгеріп, дұрыс пайдалансаңыз, жүкті болып қалу қаупінен толық арыласыз.

Гормональды контрацептивтердің таблетка және




 Таблеткалардың өзі 3 түрге бөлінеді: 1,2, және 3 фазалық болып.


- Бір фазалы (бір қораптағы) таблеткалардың бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ, әр күні кез-келгенін алып іше беруге болады. бұл - өте мықтысы, бірақ көбінесемұны әйел ағзасы көтере алмайды.

- Екі фазалы таблеткалардың бір-бірінен айырмашылығы бар және оларды белгілі бір ретпен (кез келгенін емес) ішу керек. Бұның бір фазалыдан гөрі әсері төмендеу болғанымен, ағзаға ауыр емес.

- Үш фазалы таблеткалар бір-біріне мүлде ұқсамайды, бұларды арнайы кесте (схема) бойынша ішеді. Бұл таблеткалардың аса зияны жоқ, сол себепті бойжеткен қыздарға осы үш фазалы таблеткаларды ішкен жөн. Әрі бұлар да бір фазалы таблетка сияқты 100 пайыз сақтандырады.

Бір фазалы таблеткаларға континуин, бисекурин, ригевидон, нон-овлон, инфекундин, овидон, екі фазалыға – антеовин, үш фазалыға (аты айтып тұрғандай) тризистон, триквилар жатады.





Горманальды таблеткаларды 21 күн ішіп, 7 күн демалады. Әдетте дәріні ішуді етеккір циклының 5-күнінен бастайды. 22 күндік таблеткалар да бар, онда 6 күн демалады. Бұл үзілістерде көбіне кезекті етеккір басталып не аяқталып жатады.

Таблетканы көшке ішкен жөн. Ал егер кешкілік ішуді ұмытып кетсеңіз, таңертеңгілік міндетті түрде сол ұмытқан таблетқаңызды ішіңіз. Екі фазалы таблетканы белгіленген уақытынан 6 сағаттан астам кешіктіруге болмайды. Негізі таблеткаларды күнделікті үнемі бір уақытта ішу керек. Мұның себебі 1 таблетканың күші 24 сағатқа ғана жетеді. Сол себепті дәрі ішудің арасын ұзартып алсаңыз, оған қоса жүктіліктен сақтандыратын қосымша шаралар жасаған жөн. Бұндайда көбікті таблеткалар (пенообразующие таблетки) жақсы көмектеседі. Таблеткаларды ішу тәртібін бұзғаныңызбен дәрі ішуді аяғына дейін тоқтатпаңыз. Әйтпесе етеккір циклі



Горманальды контрацептивтердің егілетін түрі

Егудің әсері 3 айға созылады. Сол себепті оларды халық арасында «үш айлық екпе» деп атайды. Бұл тәсілдің денсаулыққа келтіретін аса көп зияны жоқ, тек етеккір арасында ішкіім былғанып жүруі мүмкін. Егер үнемі егіліп жүрсеңіз етеккіріңіз мүлде тоқтап қалуы ықтимал. Контрацептивтің бұл түрі болашақта ана болғысы келетін бойжеткендерге келе бермейді, мұны жасы келген, келешекте бала көтергісі келмейтін әйелдер қолданғаны жөн.

Горманальды контрацептивтердің түрі өте көп болғандықтан, өздігімен таңдау жасау қиын. Сол себепті гинеколог дәрігердің көмегіне сүйенген дұрыс.

Горманальды контрацептивтерді пайдаланып жүрген кезде ағзада өзгерістер, қолайсыздықтар байқалуы мүмкін. Мұндайда дереу дәрігерге қаралу керек. Тағы ескеретін жайт контрацептивтерді пайдаланатын кез келген бойжеткен үнемі гинекологтың бақылауында болғаны жөн.




КОК – комбинирленген оральды (ауыз арқылы) контрацептивтер.


- Бұл таблеткалардың комбинирленген деп аталу себебі, бұл дәрілік заттардың құрамында екі гормон бар (эстроген және гестаген), таңдалмалы комбинацияда ұрықтануды алдын алады.
- Эстроген мен гестаген – әйел жыныс гормондары өкілдері (эстроген, менструальды циклдың I фазасында өндіріледі, және прогестерон, менструальды циклдың II фазасында өндіріледі)




Дәрілік заттардың әсер ету механизмдерінің келесі түрлері бар:




Препараттардың әсер ету механизмін олардың овуляцияны тежеуімен байланыстырады.




Сперматозоидтар белсенділігінің төмендеуіне әкелетін цервикалды шырыштың да құрамы өзгереді.




Осы аталған жағдай менопаузальық кезеңге ұқсайтын аналық безі қызметіне тиісті деңгейде әсер етеді.



Бұл гипофиздің фолликуланы ынталандырушы, лютеиниздеуші гормондарының және олардың биосинтезі мен босап шығуын ынталандыратын гипоталамус гормонмонының өндірілуінің тежелуі нәтижесінде жүзеге асады.

- 
- Қолдану көрсеткіші
 - Қаламаған жүктілікті алдын алу
 - Ана денсаулығына байланысты
 - Теміржетіспеушілік анемия
 - Жүктіікті жоспарлау
 - Етеккір циклін қалпына келтіру үшін

- 
- **Жанама әсерлері**
 - Қан ұюы жоғарлауы
 - Бауыр қызметі бұзылуы
 - Глюкозаға тұрақтылықтың төмендеуі
 - Сүт безі тығыздалуы
 - Либи́до өзгеруі

Қорытынды

Күтпеген жүктіліктен сақтанудың көптеген әдістері бар.

Бірақта, барлық әйелдерге бірдей жақсы әсер ететін контрацепциялық дәрі жоқ екенін естен шығармау керек.

Қандай емдік әдісті алсаңыз да, оның жетістігі мен жетіспеушілігі, жағымды, жағымсыз және кері әсерлері болады. Сондықтан контрацепцияны әр-адамның дене мүшесіне қарай, қалай әсер беруіне байланысты, жыныстық қатынасқа деген нәтижесіне және денсаулығының жарамдығына байланысты таңдауы керек. Сіздің денсаулығыңызға пайдасы бар контрацепцияны дәрігер акушер-гинеколог немесе әйелдерге кеңес беру мекемесінің арнайы даярланған акушеркасы ғана таңдап бере алады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. А.Харкинс “Пропедевтика внутренних болезней”
2005 год
2. Д.А.Харкевич “Фармакология” Алматы 2004 жыл
3. Машковский М.Д. Лекарственные средства. М., 2010.-
1216 с.
4. Бертрам Г. Катцунг. Базисная и клиническая
фармакология (перевод д.м.н., проф. Э.Э. Звартау.) -
Санкт-Петербург, 2008.- 1043с...
5. Клиническая фармакология /Под ред. В.Г.Кукеса/-
М.: Изд-во ММА, 2009.-760с.